

**«ДАМУЫНДА ПРОБЛЕМАЛАРЫ БАР БАЛАЛАРДЫ БЕЙІМДЕУ,
ОҢАЛТУ, ИНТЕГРАЦИЯЛАУ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТЕНДІРУ
ОРТАЛЫҒЫ» ҚОҒАМДЫҚ БІРЛЕСТІГІ - «БОИЭ ОРТАЛЫҒЫ» ҚБ**

«БОТА» қоғамдық қоры.

АУТИЗМІ БАР БАЛАЛАРДЫ МЕКТЕПТЕ ОҚЫТУ

МУҒАЛІМДЕРГЕ АРНАЛҒАН ПРАКТИКАЛЫҚ БАСШЫЛЫҚ

АЛМАТЫ 2011

Аутизмі бар балаларды мектепте оқыту: мектеп мұғалімдеріне арналған практикалық басшылық / құрастырған Ерсарина А.К. – Алматы 2011 /

ISBN

Құралда аутизмі бар балалар туралы ақпарат, оның даму ерекшеліктері, оқытумен тәрбиелеу барысы бейнеленген. Мектеп ұжымындағы жағдайда аутизмі бар балалардың оқудағы қиындықтары мен мәселелері қарастырылған: қарым-қатынастың орнауы, баланың мектеп тәртіптерін, оқудағы білімі мен дағдыларын меңгеруі, ересектермен және балалармен қарым-қатынасының барысы және т.б..

Құрал арнайы (түзету) және жалпы білім беру ұйымдарының мұғалімдеріне, мектеп психологтарына және ата-аналарға арналған.

КІРІСПЕ

Қазіргі таңда балабақшалар мен мектептерде оқытумен тәрбиелеуде ерекше жағдайды қажет ететін аутизмi бар балалардың саны өсуде. Білім беру ұйымдарында мұндай балалардың білім сапасының жемісті болуы мұғалім жағынан сауатты психологиялық-педагогикалық қолдауына байланысты.

Аутизмi бар балалардың көпшілігі мектепте оқуы мүмкін және міндетті, бірақ олар оқуда ерекше жағдайды талап етеді. Мұндай балалар дамуы мен әлеуметке бейімделу барысында әрдайым көмек пен қолдауды қажет етеді. Аутизмi бар баланың жанұясының қажеттілігіне, талабына деген қоғам мен әр түрлі қоғамдық институттардың: балабақша, мектеп, әлеуметтік орта жағынан түсінушілікті қажет етеді. Қоғам жағынан осындай түсінушілікті қамтамасыз ету үшін аутист балаларлы оқыту мен әлеуметтік дамыту саласында ағарту жұмысын жүргізу және оның құзыреттілігін арттыру өте маңызды.

Қазақстан аймақтарындағы балабақшалар мен мектептер аутизмi бар балаларға сапалы білім беруге дайын емес. Педагогтардың басым көпшілігінде бала аутизмi туралы толық түсініктері болмайды, сондықтан бұндай балаларды тәрбиелеуде және оқытуда белгілі бір қиындықтарға кездеседі. Педагогтардың аутизмi бар балалармен жұмыс жүргізулерінің мамандандырылған біліктіліктері болмағандықтан, олар аутизмi бар балаларды арнайы білім беру ұйымдарында оқытудан бас тартады. Көптеген аутист балалар үйде оқытылады, ал бұл оларды құрдастарынан және әдеттегі қалыпты өмірден бөлектейді, оқшаулайды.

Аутизмi бар балаларда басты мәселе – қарым-қатынасқа түсудың қиындығы, сондықтан да жолдастарының ортасы ауадай қажет. Мектеп оған тек білім мен дағдыны ғана емес, барлығынан бұрын өзге адамдармен бірге тұруға, өзара байланыста болуға мүмкіншілік береді, сондықтан да бұл балалар үшін мектеп өте маңызды және үйдегі жеке сабақтармен ғана шеттелмейді. Аутист балаларды ауру немесе ауыратын деп есептеуге болмайды, керісінше оларды «ерекше» деп – балаға ерекше жағдайлар мен әдістерді қажет етеді деген көзқараспен қарау қажет. Мектептің мақсаты – осындай ерекше жағдайларды ескере отырып оқыту, аутист балаларда мектепте өзге балалармен оқи алатынын дәлелдеу.

Берілген құрал жалпы білім беретін және арнайы мектептер мен балабақша мамандарының кәсіптік біліктілігін жоғарлату құралы болып табылады. Практикалық басшылық қоғамдық бірлестігі «**БОИӘ**» орталығы және «**БОТА**» қоғамдық қорының проект шеңберінде шығарылды.

БАЛА АУТИЗМІНІҢ СИПАТТАМАСЫ.

Бала аутизмі – қарым – қатынасқа түсуінің қиын түрде болуымен және де тәртіптің стереотипті түрлерімен сипатталатын психикалық дамуының бұзылуы.

Аутизмі бар балаларының ерекшеліктері:

- қоршаған адамдармен эмоциялық қарым-қатынасты орнатудағы үлкен қиындықтар;
- іс-әрекетінің, бір текті түрлерін үнемі қайталай беруге талпыну;
- белгілі бір объектілермен іс-әрекеттерге қатты берілу;
- сөйлеу тілін меңгеру мүмкіндігінің сақталғанымен, сөйлеу тілінің болмауы (мутизм) немесе сөйлеу тілінің адамдармен қатынаста пайдаланбауы;
- басқа салаларда танымдық қабілеттерінің жақсы болуы.

Балалардағы аутизм **бұрмаланған (асинхрондық) даму** ретінде сипатталады, мұнда психикалық дамудың жеке жақтарының бірі уақытында, екіншісі алға кетіп, ал үшіншісі дәрежі тежеліспен дамуы мүмкін, сонымен бірге олардың дамуы қалыптыларға да, тежелген онтогенезге де дәл келмейді. Аутизмі бар балаларда зерде және аффективті дамудың диспропорциясы, бір саладағы жетістіктің басқалардың дамымауымен үйлесуі байқалады.

Психолог О.С. Никольскаяның пікірі бойынша аутистік дамудың бұрмалаушылығы «қабылдаудың күрделі формалары, қимылдағы икемділік, сөйлей білу мен көп нәрсені түсіну қабілеті кездейсоқ байқалған кезде де, бала өзінің мүмкіндігін шынайы өмірде, айналасындағылармен өзара іс-әрекетте пайдалануға тырыспайтындығынан да байқалады. Бала аутизмінде дамудың қалыпты даму жолы жай ғана бұзылмайды немесе тежелмейді, ол қатты бұрмаланып, басқа жаққа қарай кетеді» (О.С.Никольская. 1987).

Бала аутизмі органикалық түрде болады, ол орталық жүйке жүйесімен тығыз байланысты. Мидың органикалық зақымдалуы аутизмі бар балаларға жағымсыз әсерлерін тигізеді. Ол екі биологиялық фактор мен байланысады: жоғары сезімталдықтың болуы, қызбалылығы және белсенділіктің бұзылуы.

Жоғары сезімталдық пен қызбалық көру, есту, дене сезім тітіркендіргіштеріне сезімталдық межесінің жоғарылауынан байқалады. Аутизмі бар балалар үшін қоршаған орта әсері жиі жағдайда шамадан тыс болып, жайсыздықтың, үнемі жағымсыз сезінудің көзі болып табылады. Жиі жағдайда оларға әдеттегі дыбыстар, жарық, түс немесе жанасу да ауыр әсер етеді. Әсіресе жоғары сезімталдығы мен жәбірленгіштігі басқа адаммен қарым-қатынасқа түскенде білінеді, сол адамның көзқарасы, дауысы, жанасуын ұнатпайды. Аутизмі бар баламен көз арқылы қарым-қатынасты ұзақ уақытқа созуға болмайды; егер мұндай қарым-қатынас тіпті жақын адамдарымен де сәл созылып кетсе, онда ол бала көңілінде жайсыздық туғызады.

Мен үшін адамдардың бетіне, әсіресе олардың көзіне қараудан ауыр ештеңе жоқ. Егер мен өзімді осыны істеуге күштесем, онда ол үшін маған үлкен саналық күш қажет болады, бірақ мен оған бір секундтан артық шыдай алмаймын. Мен осы уақытты соза алсам, онда адамдар әдетте, мен оларға емес, олардың барын байқаймайтындай, олар арқылы басқа жаққа қарап тұратын сияқты екенімді сезінетіндерін айтатын. Адамдар мен үшін адамға қараудың қанишалықты қиын екенін сезбейді, түсіне де алмайды. Бұл менің тыныштығымды бұзады, көңіліме қорқыныш ұялатады, бірақ арамызда қашықтық ұлғайған сайын, қорқыныш та азая бастайды.

Тереза Жолифф, 1992, аутизммен ауыратын әйел. (Питерс. Т. Аутизм. От теоретического понимания к педагогическому воздействию. Сб.1997).

Сенсорлық және қызбалықтың жайсыздығының шегін төмендету жағымсыз әсерді ұзақ уақытқа бекітуге алып келеді, ал бұл кейіннен әр түрлі қорқыныштардың, тыйымдардың құрылуына, әлеммен қарым-қатынасты қатал шектеуге әкеліп соқтырады.

Белсенділіктің бұзылуы психикалық тонустың төмендігі және соған орай ортамен өзара іс-әрекет жасаудағы белсенділіктің төмендеуінен байқалады. Аутизмі бар баланың миының энергетикалық мүмкіндігінің әлсіздігіне қарай оған жоғары психикалық жүдеушілік және ығыр болғандық, бейжайлық, айналасындағыларға деген немқұрайдылығы; айналасындағыны зерттеуге деген қызығушылығының белсенді болмауы тән.

Дені сау құрдастарына қарағанда ерте жастағы аутизмі бар балаларда жаңаға деген қызығушылық, ұмтылыс болмайды; олар қоршаған ортаны зерттемейді; сәл кедергі, кішкентай ғана бөгет олардың белсенділігін тежейді және ойындағы ісінен бас тартқызады. Бұндай бала әлеммен

қарым-қатынасқа деген төзімсіздікпен, қоршаған ортамен тіпті жағымды қатынас кезінде де тез және ауыр түрдегі қажуымен ерекшеленеді.

Психикалық тонус пен белсенділіктің жетіспеушілігі әсіресе баланың көңілін мақсатты бағыттауда, оның іс-әрекетін еркін ұйымдастыруда байқалады. Егер аутизмі бар балаларда алаңдық белсенділік (кеңістік бойымен мақсатсыз қозғалу) немесе стереотиптік іс-әрекеттерге деген біраз күші болса, ол қандай да бір мақсатты бағытталған еркін іс-әрекетті өз бетімен орындауға күші жетпейді. Қиындықтарға немесе кедергілерге кездескен аутизмі бар бала оларды бір-ақ тәсілмен – кетумен, оларды жеңуден бас тартумен шешеді.

Белсенділіктің бұзылуы сөйлеу тілі және сөйлеу тіліне жатпайтын ақпаратты белсенді түрде және тыңдай қабылдау мен өңдеуінің, оларды өткен тәжірибемен байланыстыруының, дағдыларды икемділікпен пайдалануының мүмкіндігінің, дайын, ұмтылысқа деген қабілетінің болмауларынан байқалады.

Бұл туа біткен биологиялық екі факторлар (жоғары сезімталдық және қызбалық, психикалық белсенділіктің төмендігі) аутист баладан қоршаған әлемге бейімделу жолын таңдауын талап етеді. Дамудың мұндай патологиялық жағдайында оған түсініксіз, жағдайсыз және қорқынышты әлемнен қорғанудың ең тиімді тәсілдерін таңдауға тура келеді, аутизм, яғни қоршаған ортамен қарым-қатынастан бас тарту мен қызметтің шектелген, стереотиптік (таныс және түсінікті) түрлерін.

Балалардағы аутизм туа біткен патологиялық симптом болып табылмайды, ол қоршаған ортаның артық кеткен әсерінен қорғану тәсілі мен құралы ретінде қолданылады.

Бала аутизмі синдромын, айналасындағылармен өзара әрекет жасаудан саналы түрде бас тарту мен қарым-қатынасқа деген ынтасының болмайтын бұзылыс ретінде қарауға болмайды. Көптеген психологиялық зерттеу жұмыстары, аутист балалардың ата-аналарының байқауларынша аутист балалар адамдармен тек бірге болуды ғана қаламауы мен бірге оларға қатты бауыр басып та кетеді. Аутизмі бар бала басқа балалар ешқандай қиындықсыз және күнделікті өмір барысында меңгеретін адамдармен қарым-қатынасты және өзара іс-әрекет жасаудың жалпыға тән тәсілдерін меңгергісі келеді, бірақ өз бетімен меңгере алмайды.

Аутизмі бар балалар сөйлеу тілінің коммуникативті қолданысын қиындықпен меңгереді, олар сөйлеу тілдік құралдарды қарым-қатынастың әр түрлі жағдайларына қарай дұрыс және сайма-сай пайдалана білмейді. Сонымен, бала сөздерді, сөз тіркестерін, тіпті көлемі үлкен мәтіндерді де айта алады, бірақ ол ең қарапайым диалогты қолдай алмайды, себебі

сөйлеу тілінің мүмкіндіктерін еркін пайдалануға киналады, көзбе көз қарым-қатынас кезінде жылдам өзгере алады.

Мен адамдардың сөйлеу тілін бір-бірімен қарым-қатынас жасауға пайдаланатындарын түсінетінмін, бірақ оның қалай болатынын білмедім. Мен бұл үшін барынша көп сөзді білу керек деп ойлап, үлкен сөздікті оқи бастадым. Мен бірнеше айдың ішінде барлық сөздің мағынасын жаттап алдым. Бірақ біраз уақыт өткеннен кейін бұл сөздерді мағынасына сай пайдалана алмайтынымды түсіндім.

Сөйлеу тілін қарым-қатынас кезінде қалай пайдаланудың жолын таба алмағанымды түсінгенде, бірден абыржып, ызаландым, сонымен бірге өзімді бөтен, басқа планеталық адамдай сезіндім. Адамдардың арасындағы қатынастың қалай жүретінін олардан артық түсінбедім.

Темпл Грэндин, 1992.

Танымдық және зерде қызметінің дамуындағы ойлаудың аутизмі мен стереотиптігіне тән қиындықтар байқалады. Аутизмі бар бала айналасындағыларды тануда стереотиптік жолдарды пайдалануға бейім. Өзінің көру арқылы есте сақтау, кеңістікте бағдарлаудағы ерекше қабілетінің арқасында бала белгілі бір сызбалаларды, алгоритмдерді тез және оңай меңгере алады, себеп-салдар байланысын табуға, белгілі бір деңгейде жалпылауға қабілетті, бірақ бұл тек стереотиптік жағдайлар кезінде ғана мүмкін болады. Бала үшін жағдай, тәртіптің және т.б. қандай да бір өзгерісі және ойлау тапсырмасы қол жетімді болмауы мүмкін, оларды болып жатқан жағдайға сәйкес және икемділікпен қайтадан құра алмайды, мақсатты немесе стратегияны жаңа жағдайға қарай өзгерте алмайды. Мұндай балаға шынайы өмірде өткен мен болашақты салыстыру өте қиын, бірақ оған датаны айтсаң, апта күнін оңай айта алады; ол оқулықтағы шахмат құрылымын құлшына ойнағанымен, шынайы қарым-қатынас кезіндегі қарсыласының қарапайым жүрісіне жауап бере алмайды. Аутизмі бар баланың қоршаған әлем туралы көзқарасы және түсінігі нақты, дәлме-дәл, үзінді түрінде болады, содан басқаша өзгермейді.

О.С. Никольская (1985) бұл тенденцияларды сенсомоторлық, тілдік, зерделік дамуда қарастыра отырып, аутизмді балалар тілінің әр түрлі болуы, мінез-құлық көріністерінің бір мағыналығы еместігі оларды әртүрлі жағдайға қатысты қарастырғанда ғана, түсінікті болатынын көрсеткен: балалар ауто стимуляция саласында білікті және шебер болып, қарапайым өмір мәселелері шешуде қауқарсыз болуы мүмкін.

Оларда шынайы әлеммен өзара әрекетте және әсер етудің белсенді және тиімді тәсілдерінің орнына тәртіптің қорғаныс түрлері: қарым-

қатынастан кетіп қалу, бас тарту, стереотиптік және өзгеріссіз жағдайларда өмір сүруге ұмтылу қалыптасады. Осының нәтижесінде әлемге деген белсенді әлеуметтік бейімделуі, психикалық онтогенездің бастапқы жолы бұзылады, мұның бәрі психикалық дамудың барлық жақтарының бұрмалануына әкеліп соқтырады.

МЕКТЕП ЖАСЫНДАҒЫ АУТИЗМІ БАР БАЛАЛАРДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ.

Мектеп жасындағы аутизмді балаларда динамикалық даму деңгейінің жақсы және кері әсерлері шыға бастайды. Бұл кезеңде барлық балаларда жолдастарымен жақын белсенді қарым – қатынасқа түсуге талпыныстары және қызығушылықтары оянып, олармен өзара әрекет жасауға ұмтылады. Аутизмді бар балалардың көпшілігі әлеуметтік-тұрмыстық жағдайда ойлау және сөйлеу дағдыларын нақты меңгере бастайды. Көп балалар мектеп дағдыларын жеңіл игереді, сонымен бірге ересектердің көмегінсіз өз бетімен :алфавитті тез жаттайды, оқи бастайды, санайды, жазуды меңгереді. Ал басқа балаларда ауызша коммуникативті сөйлеу тілі жазбаша түрде қалыптаса бастайды: бала карточкалар қолдана отырып сөздер немесе әріптерден сөз құрастырады, болған жағдайларға өзінің пікірін, ниетін білдіреді.

Оқуды меңгеру мүмкіндіктері, мінез-құлқының және дамуының әр түрлі ерекшеліктерінің көрсеткіші бойынша, сонымен бірге аутизмдік бұзылыс деңгейіне қарай аутист балаларды бірнеше топқа бөлеміз(О.С. Никольскаяның психологиялық классификациясы бойынша).

Бірінші топ балаларында байқалатын негізгі қиындықтары оқу іс-әрекетіндегі сабақта өзін-өзі ұстауы. Бұл балалар партада үлкен қиындықпен отырады, кейде тұрады, әрі-бері жүреді, тапсырманы орындамайды, өз бетімен ойнап отыра береді, сұрақтарға жауап бермейді немесе жауабы сұраққа сай келмейді. Балалар мұғалімнің айтқанын тыңдамайды, оны көрмеген естімеген сияқты талаптарын орындамайды. Кері әсерлердің де (күлкі, жылау, кимылдық немесе сөйлеу тілдік қозу, уәжсіз негативизм, тапсырманы орындаудан бас тарту) туындауы мүмкін. Бірақ барлық осы қиындықтарға қарамастан аутист балалар мектеп материалын меңгереді; оларда оқу икемділіктері мен дағдылары қалыптасады. Мектеп талаптарына біртіндеп үйренуіне, мұғалімнің шыдамдылығы мен мейірімділігінің негізінде балада оқу сабақтарының стереотипі қалыптасады, ол осының аясында мектепте қалып, оқып кетуі де мүмкін.

Екінші топ балаларында мектепте оқу үшін қажетті мүмкіндіктері үлкен болады. Кейбіреулері бастапқы кезде бейімделуге қарсы мінез-құлқын көсетуі мүмкін, бірақ аз уақыт өткен соң мектеп өмірінің жалпы сәткер етімі пайда бола бастайды, сабақтағы тәртіп ережелері меңгеріледі, олар оны бұлжытпай орындайды. Балалар мұғалімнің өздеріне жеке айтылған нұсқауларын жақсы қабылдайды, тапсырманы жауапкершілікпен орындауға тырысады және мұғалімнің бағасына өте сезімтал болады, ескерту мен сәтсіздікті ауыр қабылдайды. Балалар сондай-ақ үйреншікті мектеп тәртібінің кенеттен өзгеруін: сабақты, мұғалімді, сабақ өтетін жерді ауыстыруды жаратпайды. Бұндай жағдайда баланың сабақ оқудан бас тартуы мүмкін.

Бұл топтағы аутизмі бар балалардың мектепте оқуының басқа проблемасына оқу материалын меңгеру қиындығы жатады. Ең алдымен жазу дағдысын меңгерудегі қиындықтары туындайды. Балалардың дәптер бетінде қиындықпен бағдарлауы, қаламды дұрыс ұстамауы мүмкін; оларға әріп элементтері үлгісіне қарау қиын болады. Бірақ бұл қиындықтарды балалар тез жеңеді. Бұндағы басты және жеңуге қиындық туғызатын мәселелер: оқу материалын саналы түрде меңгеру, алынған білім мен дағдыларды басқа жағдайларға қарай көшіру және пайдалану мәселелері болады.

Аутизмі бар бала оқу материалын ойланбай-ақ есте сақтайды және меңгереді, ол оны мұғалім ұсынған түрде есте сақтайды, содан кейін оны стереотипті түрде шығарады. Сөйлеу тілін (жалпылама берілген сөздік нұсқауды, байланысты айтылымдардың мағынасы мен мазмұнын) түсіну қиын болады. Өз ойын айтып жеткізуде қиындықтар туындайды, бала мәтінді қайталап айтып бере алмайды, жауапты толық бермейді, мұғаліммен арадағы диалогты қолдай алмайды.

Үшінші топ балаларының әдетте, мектеп өміріне бейімделу немесе оқу материалын меңгеруімен байланысты проблемалары болмайды. Бұнда қиындық баланың тәртібінде, әсіресе бала мен мұғалім арасындағы өзара қатынаста туындайды. Оқуда жеткен жоғары нәтижелері, мұғалімнің қойған жоғары бағасы мен мақтауын уәж еткен бала, одан тек өзіне көңіл аударуды талап етеді, онымен үнемі өзінің қызығушылығының тақырыбында ғана сөйлескенді қалайды, қарсылыққа, мұғалімнің көңілінің басқа жаққа ауып кеткеніне төзбейді. Мұндай бала үнемі бірінші болғанды, барлық сұрақтарға өзі жауап бергенді қалайды; ол өзінікі дұрыс деп есептеп, қарсы айтылған сөзді жақтырмайды. Осындай мінез-құлқын баланың сыныптастары арасында әр түрлі шиленіс жағдайлардың туындауына себепші болып, сынып жұмысына кедергі келтіреді.

Төртінші топ балалары тежелудің жоғарылығына, тез қажып, шаршағанына, сондай-ақ жылдам ренжігіштігіне қарай, оқуда қиындықтарға кездеседі. Бұндай бала сыныптың әсеріне тәуелді: балалардың іс-әрекеті мен бұзақы қылықтарына тез араласып кетеді және еліктейді; тез қозады; қажыған кезде қиымлы тежеліп, әсерленіп кетеді. Ол адамның жақтырмауын, мұғалімнің ескертуі мен сынын, ісінің табысты болмауын мен сәтсіздікті өте жаман қабылдайды, осының бәрі баланың мінезін оңай бұзуы мүмкін. Сонымен бірге айтылған сөзді түсінудегі қиындықтар, нұсқауды қабылдау мен материалды меңгерудің баяулығы байқалады, ол оқу материалын меңгеруде жеке көмек пен мұғалімнің қолдауын қажет етеді. Баланың мектептегі бұл ерекшеліктері психикалық дамудың тежелуі ретінде бағаланып, оларды ПДТ бағдарламасы бойынша оқыту ұсынылады.

Мектептегі аутизмі бар балалардың ортақ және басты проблемаларына бұл балалардың коммуникациялық және әлеуметтік өзара әрекетінің қиындығы, эмоциялық-жеке тұлғалық жағының жетілмеуі жатады. Аутист балалар жиі жағдайда болып жатқанның эмоциялық мағынасын, адамдардың арасындағы қатынасты, басқа адамдардың сезімдері мен көзқарастарын түсінбейді. Ол қоршаған ортаны бөлшектеп, нақты, дәл қабылдайды. Оларға жеке оқиғаларды, түрлі жағдайларды бір-біріне салыстыру және оларды біртұтас, өзара байланысқан және өзара шартты суретке біріктіру қиындық туғызады. Аутизмі бар бала қарым-қатынастың эмоциялық мағынасын түсінбей, адамдармен өнімді және дұрыс қатынас (ол тым сенгіш, ашық және аңқау, қатынас кезінде тез қажып, шаршайды, кері реакцияларды – уәжсіз бас тартуды, агрессияны байқатады) құруға қиналады. Жасы үлкейген сайын, балалықтан өткен жасөспірімнің даму деңгейін, оның әлемге, адамға деген саналы қатынасы анықтайды, жеке эмоциялық тәжірибесінің реттелмеуі, жақсы оқып жүрген оқушылардың да, дамуын тежейді.

Осыншама қиыншылықтарға қарамастан аутизмі бар балалар мектеп өміріне бейімделіп, оқуда ойдағыдай жетістіктерге жетуге қабілетті. Мектепте қиын әлеуметтік жағдайда болу, сонымен бірге қалыпты балалармен бір ортада түсу – мұндай балалар үшін дамуында үлкен жеңіс болып табылады. Мектеп оларға тек қана білім мен дағдыны ғана үйретпей, барлығынан бұрын басқа адамдармен бірге тұруға мүмкіндік береді. Себебі мұндай балалар мектепте шын мәнінде білім алуы қажет.

АУТИЗМІ БАР БАЛАЛАРҒА БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІ ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ТҮЗЕТУДЕГІ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚОЛДАУ.

Бала мектеп жасына жеткенде мектеп мекемесін таңдау мәселесі туындайды. Батыс елдерінде аутизмі бар балаларды оқытуға арналған арнайы мектептер бар.

АҚШ-да аутист балалар қалыпты балалар мен бірге оқытылады. Қазақстанда «Мүмкіншіліктері шектеулі балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу тұрғысындағы қолдау туралы» (11.07.2002 жылдан 343-ІІ) Заңға сәйкес құрамына аутизм кіретін эмоциялық-ерік бұзылыстары бар балаларға арналған білім беру ұйымдарының ашылуы мүмкін, бірақ бұндай арнайы мектептерді ашудың қажеттілігі екіұшты. Аутизмі бар балалардың негізгі проблемасы қарым-қатынастың бұзылуында болса, олармен жүргізілетін түзету жұмысының мақсаты – әлеуметтік бейімдеу (қоғамға интеграциялау), аутистерді олар үшін керемет жағдай жасалған күннің өзінде арнайы балабақшада немесе мектепте бір жерге жинап бөлектеу - қарама-қайшы келеді.

Қарым-қатынаста және әлеуметтік өзара әрекетте байқалатын аутизмді баланың зердесі мен сөйлеу тілінің бұзылуы: ақыл-ой және сөйлеу тілінің қалыпты және жоғары деңгейде дамуынан ақыл-ойының терең бұзылуы мен сөйлеу тілінің болмауына дейінгі үлкен диапазонымен сипаталады. Аутизмі бар балалар зерделік, сөйлеу тілі мен әлеуметтік-коммуникативті даму деңгейіне қарай оларды білім беру ұйымдарына жіберудің Әдістемелік нұсқаулықтарына (БҒМ 2010 жылдың 28 мамырындағы № 4-02-4\1435 бұйрығы) сәйкес оқи алады:

- жалпы білім беру мектептерінде жалпы білім беру бағдарламасы бойынша;
- психикалық дамуы тежелген балаларға арналған мектептерде;
- көмекші мектепте (ақыл-ойы дамымаған);
- сөйлеу тілі бұзылған балаларға арналған мектептерде;

Аутизмі бар бала мінез-құлық бұзылыстары немесе психопатотәрізді бұзылыстарының күшіне қарай балалар ұжымына бара алмаса, үйде оқуына болады.

Балалар аутизмі ақыл-ой дамуының ауыр және терең бұзылыстарымен үйлескен жағдайда (олар үшін мектептік білім беру бағдарламасы қолжетімді болмаған жағдайда), түзету дамыту сабақтары психологиялық-педагогикалық түзету кабинеттерінде және оңалту орталықтарында жүзеге асырылады.

Ақыл-ой дамуы жағымды деңгейде болған аутизмі бар балалар қарым-қатынас бұзылыстарын жөндеуге арналған психологиялық-

педагогикалық көмекке мұқтаж болады. Мұндай көмек, қарым-қатынас пен әлеуметтік өзара әрекет бұзылыстарын психологиялық түзетудің арнайы бағдарламасын пайдаланылатын, психологиялық-педагогикалық түзету кабинеттері мен оңалту орталықтарында көрсетіледі. Баланы мектепке жібергенде де, оларға үнемі психологиялық-педагогикалық және әлеуметтік қолдау көрсетіліп отыруы тиіс.

Ата-аналардың пікірлерін есепке ала отырып, мектепке дейінгі жалпы білім беру және арнайы ұйымдардағы аутизмі бар балалардың санына қарай, мектептік білім беру ұйымдарында:

– басқа балалармен бірге оқытылатын сыныптар (топтар) ашылуы мүмкін. Бір сыныпта (топта) аутизмі бар екі баладан артық болмауы керек;

– аутизмі бар 6 баладан артық оқытылмайтын арнайы сыныптар (топтар) ашылуы мүмкін.

Аутизмі бар балаларды жалпы білім беретін немесе арнайы (түзету) балабақшаларында мен мектептерінде оқыту, олардың жеке ерекшеліктерін ескеріле отырып жүзеге асырылады. Аутист балаларды тәрбиелеу және оқыту олардың даму ерекшеліктеріне сәйкес тәсілдер мен әдістерді қолдану арқылы, білім беру бағдарламасын икемдеп, құбылта отырып, жүзеге асырылады.

Бейімдеу кезеңінде (байқау мерзімі – оқудың басталуынан 2-4 ай аралығында) аутизмі бар балалардың қарым-қатынаста сөйлеу тілдік немесе басқа да құралдарын пайдалануының шектелуі, мұғалімнің талабы мен бағдарламаны меңгеруінің толық емес орындауы, алаңдық мінез-құлықтың оның стереотиптік түрлері мен дезадаптивті реакциялары (айғай, жылау, еш себепсіз күлкі және т.б.) байқалуы мүмкін. Байқау мерзімінен кейін оқу мен тәртіптегі қиындықтары айқын байқалса, онда балабақша мен мектеп баланы оның арықарай оқуының мәселесін шешу үшін ПМПК-не жібереді.

Жалпы білім беру және білім берудің арнайы ұйымдарында аутизмі бар балаларды мектепке дейінгі және мектептік ұйымдардың психологтары, арнайы және әлеуметтік педагогтары іс-жүзіне асыратын психологиялық-педагогикалық түзеу қолдауы, сол білім беру ұйымының психологиялық-педагогикалық консилиумы арқылы қамтамасыз, етіледі.

АУТИЗМІ БАР БАЛАНЫҢ МЕКТЕПТЕ ОҚУЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ.

Мектеп өміріне аутизмі бар балаларды біріктіруде бірнеше шарттар орындалуы қажет. Оларға жататындар:

1. Баланы мектепке даярлау.
2. Мейірімді қарым-қатынас және эмоциональдық қолдау.
3. Мектеп өміріне бейімдеп ойластырылған және нақты ұйымдастырылған жағдайлар.
4. Баланың әлеуметтік, эмоционалдық және тұлғалық дамуына бағытталған жеке психологиялық жұмыстар.
5. Мұғалімнің кәсіби қолдауы.
6. Отбасының қолдауы және ата-аналардың мамандармен, мұғаліммен байланысының үйлесімдігі.
7. Құрдастарының баланы ерекше сыныптас ретінде қабылдауы және түсінуі.

1. Баланы мектепке даярлау.

Аутизмі бар балалар басқа балалар сияқты мектепте оқу үшін дайындалуы қажет. Баланы мектепте оқуға даярлау кезінде бірнеше дамыту бағыттары бойынша дайындау қажет: ойлау, сөйлеу тілі, эмоциональды-ерік жігері және әлеуметтік – тұлғалық. Мүмкіндігінше балада негізгі мектеп дағдылары қалыптасқаны жөн: оқу, санау, жазу. Алғашқы оқу жылында мектептің күн тәртібін игеруін, сыныптастарымен және мұғалімдерімен қарым-қатынасқа түсуі мен дұрыс тәртібін қадағалау қажет. Бұл кезде балада кездесетін қиындықтардың бірі - сабақ барысын ұйымдастыруда, жаңа жағдайға бейімделуінде, оқу іс-әрекетінде, мектеп жағдайларын, шарттарын игеруде. Дәл осы тұрғыда баланы мектепке алдын-ала дайындау қажет. Мүмкіндігінше жарты жыл бұрын баламен дайындық сабақтарын жүргізу керек. Барынша мектепке жақын жағдаяттар жасаған жөн: балалар ұжымында, сыныптық-сабақтық түрде. Алғашқы сабақ уақытын аз жасап, біртіндеп уақытты көбейту қажет.

Баламен әңгіме жүргізе отырып, оның мектепті қалай елестетуін, мектеп ережесін қаншалықты білетіні анықтау қажет. Кино арқылы бала өзіне мектеп туралы керекті ақпараттар алуына себебі тиеді, яғни мектеп өмірін көрсеткен жерлерінде, оқушыларды, олардық сабақтағы және үзілістегі тәртіптерін көру барысында мағлұматтар жинауға болады.

Баланы мүмкіндігінше бірінші сыныпқа дейін мектепке алып барып, өзінің оқитын сыныбын алдын-ала көрсетіп таныстырған дұрыс. Бірінші қарым-қатынас оң нәтижелі болу үшін баланы алдын-ала мұғаліммен таныстырған жөн. Егер балаға қай орынға отыратынын алдын – ала көрсетсе, немесе оған өзіне таңдауға мүмкіндік берсе өте жақсы

әсерін қалдырады. Барлық мерекелік іс-шаралар аутист балалардың мектеп жайында алғашқы қадам жасап бейімделуіне мүмкіндік береді.

2. Мейірімді қарым-қатынас және эмоциональдық қолдау.

Аутизмі бар балаларды мектепте оқытудың тәжірибесі көрсеткендей, мұғалім тұлғасы адамгершілік қасиетке толы болуы қажет, сонымен бірге балалармен қарым – қатынаста адал, шынайы болу - бұл баланы оқуға ұтымды бейімдеудің басты факторы болып табылмақ. Мұғалімнің бірінші күні мектепке келген баланы қарсы алуына оған шыдамдылық танытуына және балаға қамқорлық көрсетуіне аутизмі бар баланың тағдыры тәуелді: мектептегі оқуымен қатар баланың мектепте болу мүмкіндігі де байланысты.

Дегенмен аутизмі бар балалар басқа адамдардың сезімін ойын олардың қарым-қатынасын түсінуі қиын болса да, өздері ерекше эмоционалды сезіммен ерекшеленеді. Бұл балалар өте сезімталды эмоциональды қарым – қатынасты өздеріне жақын қабылдайды олар: мейірімділікті, жақсы және ақ көңілді, сонымен бірге жағымсыз қарым-қатынасты, кейбір балалар мұғалімге сенім артып үйренуі үшін, мұғалім тарапынан ерекше мейірім мен көңілді қажетсінеді. Егер сыныпта мейірбанды және тыныш атмосфера болса, аутист балалар мектеп өміріне тез бейімделеді. Ересектер және басқа оқушылармен келіспеушілігінің салдарынан жалпы өзін-өзі ұстауы барысында үлкен қобалжулар пайда болады.

3. Мектеп өміріне ойластырылған және нақты ұйымдастырылған жағдайлар.

Аутизмі бар балалармен мектеп өміріне байланысты нақты және нақты ұйымдастырылған жұмыс болуы қажет: сабаққа арналған, үзіліске, сыныптан тыс іс-шараларға бағытталған. Арнайы ұйымдастырылған талап мектеп өмірінде дұрыс тәртіпті сезінуге, мектепте болғанын және қиын салттық (ритуалдық) тәртіпті қолдануға ықпал етеді. Салт жолдары арқылы бала мектеп талаптарына тәртіптеріне бейімделіп, оқуда мақсатты бағыт алады. Аутизмі бар балаларда күтпеген жерде қолайсыз және үрейлі жағдаяттар кездеседі, тіпті ол еңбек сабағы немесе өзін қызықтыратын саяхаты болғанына да қарамайды.

Аутизмі бар балаларға жұмсақ мінезді болуды үйрету үшін, ақырындап қиындықтан шығу және бірлесіп жұмыс жасауды меңгеруін дамыту үшін, сонымен қатар барынша көптеген мүмкіндіктердің түрін қарастыру қажет.

4. Баланың әлеуметтік, эмоционалдық және тұлғалық дамуына бағытталған жеке психологиялық жұмыс.

Аутизмі бар баланың мектепке бейімделуіне, оқуы мен мектеп өмірінің тәртібін игеруіне – қоршаған ортамен дұрыс қатынаста болуы және өзін-өзі ұстауы жатады – бірақ бұл жеке психологиялық – педагогикалық қолдаусыз жүзеге асуы мүмкін емес.

Балалардың мектепте мәселелерін кәсіби меңгерген, мұғалімдерге және басқа мамандарға түсіндіре алатын, баланың потенциалдық мүмкіндіктерін ашып көрсете білетін жеке көмекшісі – психолог немесе арнайы педагог болуы керек. Бастапқы кезде көмекшінің ролін бала жеке түзету психологиялық-педагогикалық көмекті (психологиялық-педагогикалық түзету кабинеті немесе оңалту орталықтары) алғанын немесе алып жатқан ұйымының психолог немесе арнайы педагог ұйымдастырады, кейінен көмекті ұйыдастыру барысын біртіндеп мектеп психологына түсіндіріп психологиялық қолдау мен қорғау қызметін тапсырады.

Балаға өз уақытында қосымша жеке көмек те көрсетілуі керек – ол оқу дағдыларының тәртіптеріне сәйкес қарастырылуы қажет. Алғашқы уақытта психолог пен арнайы педагог баламен бірге отырып, оған мектеп тәртібін игеруге, қиындықтарды жеңуге, кедергілердің алдын-алуға көмектеседі. Бала мектеп өміріне үйрене бастаған кезде психолог сабағына сирек қатыса бастайды, сонымен бірге мұғалімге қиын мәселелер жөнінде кеңес береді.

Аутизмі бар балаларға жеке психологиялық көмекті мүмкіндігінше үнемі көрсеткен жөн. Мұндай балалардың көпшілігі өзін бағдарлауда және қоршаған орта жайлы білуде арнайы сабақтарды қажет етеді, басқа адамдар туралы түсінігінде, коммуникативті және бірлесу дағдыларын меңгеруде, тұрмыстық икемсіздікті және әлеуметтік ақаулықты жеңуді талап етеді.

Балалар мектептік бағдарламаларды игеру кезінде арнайы сабақтарда білім мен дағдыларды игеруге қиналады. Осындай жағдайларға байланысты осы кезде әлеуметтік дағдыларды меңгеруде көмек керек, ал назар аударатын жайт «жалпы мектеп үрдісінде бұл мәселе қай кезде өзекті болса сол уақытта маңызды болмақ».

5. Мұғалімнің кәсіби қолдауы.

Аутизмі бар балалармен жұмыс жасайтын тәжірибесі аз мұғалімге, аутист баланы жақсы білетін кәсіби мамандар тарапынан қолдау қажет. Көмек тек қана аутист баланы оқытудың ерекше әдістері жайында білім

алу ғана емес – олар басқа балалар оқытқандай оқытылады, сонымен бірге баланың мектепте және сабақ іс – әрекетін ұйымдастыру жайында кеңес беріп, ұсыныс жасау. Ең қиыны, мұндай баланы оқыту барысында мұғалімнің тап болатын қиыншылығы – бұл оның тәртіп мәселесі: қозғалып мазасын алу, оқу іс – әрекетін орындауда назарын жинақтау қиындығы, эмоционалды реакциясының барабар еместігі (айғай, жылау, күлкі) және т.б. Басқа сөзбен айтқанда, мұғалім балаларды оқыту тәжірибесінде бұрын - соңды мұндай қиындықтарды кездестіреді. Осындай қиындықтар кезінде шарасыздық жағдайлардан кейін аутист балаларды оқытуда бас тартады немесе оларды сыныптан ауыстырып үйде оқытуға жібереді. Алдын – ала мұғалімнің бойын үрей және қобалжу билемес үшін, бірінші күннен бастап іс – шараларға кәсіби көмек пен қолдау төмендегідей жүргізіледі.

- **Кәсіби маманның аутизмі бар балалар жайында кеңес беруі.**

Әдеттегідей аутизмі бар балаларды жақсы білетін психолог немесе педагог түзетушілік көмегін көрсетеді. Баланың мектепке барғанға дейін мүмкіндігінше арнайы маман мұғаліммен кездескені жөн, оның ерекшеліктерін айтып оның әлсіз және қабілетті жақтарын баяндай отырып баланың оқуын ұйымдастыруға ұсыныс жасап, алдын-ала тәртібінің негізгі тұстарын ескеруі қажет. Мұндай кеңестер тұрақты жаңдайларды қалыптастырып, баламен жұмыс жүргізудің қиындығы мен мәселелерін шешеді.

- **Аутизмі бар балалармен жұмыс істеу әдістерін үйрету.**

Біліктілікті арттыру курстарында оқып өзінің кәсібін тереңдете меңгеруіне болады, ол үшін семинар және арнайы тренингтерге қатысады. Қызығушылығы бар мұғалім міндетті түрде арнайы әдебиеттер (аутизмі бар балалар мәселесіне арналған әдебиеттер жеткілікті) мен интернет желісін қолданады.

- **Психологиялық (психотерапевттік) қолдау.**

Аутизмі бар баланы оқыту – бұл, үлкен эмоцияны талап ететін, психологиялық жағынан ауыр және жауапты жұмыс. Мұғалім мұндай балалармен күнде қарым-қатынаста болып, олардың сезімдерінің әр қырын байқайды: қысылуын, өзін жайсыз сезінуін, қызбалығын, ашушандығын және жабырқаңқылық жақтарын бақылайды. Мұғалімдердің көпшілігі аутист балаларды оқытуда мейірімді және шыдамды болып, шын көңілін бар күшімен білдіреді, ал бұл эмоционалдық қажуға алып келеді: психологиялық әлсіздікке, неврологиялық немесе депрессивті жағдайға соқтырады. Мұндай кезде эмоционалды жағынан мұғалімге психологтың немесе психотерапевтің

көмегі қажет. Бұл емдеу емес, керісінше әңгімелесу арқылы қолдау, талқылау, кеңес беру.

6. Отбасының қолдауы және ата-аналардың мамандармен, мұғаліммен байланысының үйлесімділігі.

Аутизмі бар балалардың мектепте жақсы оқуы тек мамандармен балаларға сенім артумен ғана іске аспайды, ол жақын қарым-қатынаста болуымен сипатталады. Балалардың ата-аналары балаларының мектепке алғаш барған уақытында қатты қобалжып, бойларын үрей билейді, ал олар мамандардың қарауында болып, қарым-қатынастың белгілі бір кезеңдерінен өткенін түсінбейді, сондықтан да кейбір ата-аналар балаларының ерекшеліктерін жасырады (баласының диагнозы «аутизм» екенін айтпайды), сол себепті мұғаліммен жақын байланыста болудан қашқақтайды, яғни баласының қиын мәселелерін елемей, оқудың маңыздылығын жоғалтады. Кейбір ата-аналар керісінше мұғалімдерден баласымен жеке сабақтар өткізуін сұрап, баласының мектептегі болған әр бір уақытын қадағалайды. Барлық уақытта мектепте болуын қадағалап, оларға қамқорлық көрсету керек, себебі мектеп өміріне бейімделуі үшін мүмкіндігінше балаланың қиын тұстарын алдын-ала ескерген жөн.

Бұл мәселеден құтылу үшін, мүмкіндігінше ата-аналармен тығыз серіктестік қарым-қатынас орнатқан дұрыс. Қарым-қатынас арқылы баласының тек әлсіз жақтарын ғана емес, күшті жақтарын да айту керек. Егер мұғалімді балалары өзіне жақын сезінсе, онда ата-аналар сенім артып, көмектеседі: бала туралы барлық мәліметтерді айтады, кеңес алады, сабақта оны қалай тыныштандыруға және ұйымдастыруға болатыны жайлы ой бөліседі, ең маңыздысы мұғалімнің ұсынысы мен нұсқауын бұлжытпай орындайды. Аутизмі бар баланың отбасының мүшелері мұғалімге баланың оқу барысында ең бірінші көңілді кеңес, көмек беретіндер болып табылады. Бұл көмек мектепте және мектептеп тыс уақытындағы жұмысты ұйымдастыруда маңызды роль атқарады.

7. Құрдастарының баланы ерекше сыныпта ретінде қабылдауы және түсінуі.

Егер аутизмі бар бала мұғаліммен мейірімді және қызығушылықпен қарым-қатынаста болса, онда дағдыларды тез үйренеді, ал құрдастарымен қарапайым қарым-қатынаста болуда олар үшін белгілі бір қиындық туады. Әдетте балалар тез шаршайды, жалығады сонымен бірге олар мұғалімді ешкіммен бөліскісі, ортақтасқысы келмейді. Тіпті ол балалармен өзара ықпалды қарым-қатынаста болғанымен байланыс төмен деңгейде болады, ал соңы жайсыздықпен үнемі қобалжуға әкеп

соқтырады. Басқа оқушылармен интенсивті байланыс орнату үшін алдымен үзілісте және сабақ стереотиптері кезінде қатаң түрде анықталған және нақты қарым-қатынасты ұйымдастыру керек. Психологиялық қолдау тек қана аутист балаларға ғана емес, сонымен бірге оның сыныптастарына да қажет. Көп нәрсе басқа (қалыпты) балалармен қарым-қатынас барысына байланысты. Аутизмі бар балаламен жұмыс жасайтын психолог немесе ата-анасы мүмкіндігінше сыныптастарымен кездесіп, оларға жаңа оқушының ерекшеліктерін айтып, онымен көбірек мейірімді және шыдамды қарым-қатынаста болуын сұранған жөн. Сыныптан ақ көңілді және сезімтал баланы таңдап алып, одан осы балаға жеке қорғаушысы әрі көмекшісі болуын өтінген дұрыс.

АУТИЗМІ БАР БАЛАНЫҢ МЕКТЕПТЕГІ ҚИЫНШЫЛЫҚТАРЫ. ОЛАР НЕМЕН БАЙЛШАНЫСТЫ ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ЖЕҢУ ЖОЛДАРЫ.

Сыныпта оқитын аутизмі бар балаға оқуды жақсы меігеруіне тиімді жағдайды жасау білімі мен тәжірибесі жоқ мұғалім үшін өте қиын орындалатын жайттың бірі. Сондықтан да аутист балалармен жұмыс жасай алатын білікті мамандардың бірі Т.Фомина және С.Цыпотан мектебінің атақты психологы О.С. Никольскаяның жетекшілігімен әрі қолдауымен жасаған кеңестерін тәжірибеде қолдану өте пайдалы болуы мүмкін. Олар аутизмі бар балаларды оқытуда көптеген қиындықтарға тап болды, себебі мұның жолдары мен принциптерін анықтауды талап етті.

1. Оқу іс-әрекетін ұйымдастырудағы қиындықтар.

Аутизмі бар балалар партаға үлкен қиындықпен отырады, кейде рұқсатсыз орнынан тұрып, өзінің ойына келген жұмыспен айналысып кетеді. Мұғалім мұндай балаларды сабаққа көңілін аудару үшін өзінің стереотипті қызығушылығын – ойыншыққа, сурет салуға, кітаптарды парақтауға және таңдауға, сумен ойнауға, құрастыруға және т.б. назарын аударады.

Кейбір балаларға іс-әрекеттің дұрыс емес әсер ететінін көрсетсе де мұғалімнің түсіндірулері мен нұсқауларын тындамайды, ескертулерді елемейді, тапсырмаларды орындамайды. Олар мұғалімді «көрмеген», «естімеген» сияқты кейіпті танытады. Кейбір басқа балалар сұрақтарға жауап береді, бірақ сол кезде емес, басқа оқушыдан сұраған кезде.

Аутизмді бар балалар осындай мінез-құлқына қарамастан дәл сол материалдарды меңгереді. Ол үйде сыныпта не болғанын, тіпті көңіл бөлмеген жайттардың барлығын айтып бере алады. Бұл балалар үй тапсырмасын бар ынтасымен өзі орындайды.

Себептері:

1) Аутизмді бар баланың психологиялық жағының тежелуі; бала өзін инфантильді және кішкентай сезінуі, ештенені түсінбейтіні, сыныпта өзін қалай ұстауын білмейтіні, сондықтан да ештеңеге қызығушылығын білдірмейді.

2) Қатты шаршағыштықпен психологиялық жалығушылық. Балада психикалық тонусының төмен болуына байланысты мұғалімнің мақсатты бағытталған тапсырмасын орындауда ойын жинақтай алмайды. Партада ұзақ қозғалмай отыру, сыныпта балалардың шуылдары, жеңіл физикалық және ауа райының өзгеруі баланы тез шаршағыштыққа итермелейді. Осы шаршаудың әсерінен бала өзіне тән стереотипті жақтарды іздей бастайды – бір тапсырманы қайталай береді, босаңсиды және қобалжи бастайды.

3) Баланың еркін мінез-құлқы жоғары деңгейде оқшауланған. Сыныптағы әр түрлі заттарды бала қолына алудан, жұмыс жасаудан басқа да талаптарды өзі орындаудан бас тартады.

Ұсыныстар.

1. Ешқашан балаға дауыс көтеріп, тезірек тәртіпке шақырып, оған өзін сабақта дұрыс ұстауын талап етпеу қажет. Мұғалімнің асығуы мен күйгелектігі кері нәтиже береді: қарбаластықтың салдарынан бала қорқып, сөйлемей, ештенені ұқпайды, меңгермейді немесе керісінше қатты шуылдап және жұмыс жасаудан бас тартады.

2. Жаңа жағдайға үйрену үшін балаға қажетті уақыт бөлу керек. Баланың сыныпта дұрыс мінезін қалыптастыру үшін сабақта белгілі бір іс-әрекетті немесе ритуалды тәртіпті ұйымдастыру қажет. Осындай тәртіпті күнделікті мұғалім қадағалап және әрдайым сыныпта бақылауы қажет. Ол қарастырады:

- мұғаліммен оқушының арасындағы бір ритуалды қарым-қатынас (мысалы, мұғалім күнде бірінші сәлемдеседі, сосын сабақтың тақырыбын жариялайды және т.б)

- сыныптағы кеңістіктік жағжайды нақты ұйымдастыру (баланың сыныптағы орны, мектеп заттарының орналасуын, жиһаздарды және олардың кеңістікте орны міндетті түрде өзгермеуі қажет).

- сабақ жүргізу барысын, кезеңдерін, пәндердің біріншіден екіншіге ауысу бірізділігінің өзгермейін;

- мұндай балалармен әрдайым біркелкі қарым-қатынаста сөйлесуді сақтауды;

Аутизмді бар балалар өздері дұрыс сөйлесуге ұмтылады, сондықтанда сабақтың стереотиптерін барынша тез меңгереді, және бұл стереотип біртіндеп мектеп тәртібін игеруге әкеледі, яғни сабақта тәртіпті және дұрыс қарым-қатынасқа түседі.

Баланың талпынысына қарай барлық қиындықты біртіндеп және аздан жаңа мектеп тәртібіне үйрету, сонымен бірге жаңа ритуалды жағдайларды: заттарды бірізділікпен өзгерту немесе оларды мүлдем жоқ қылу. Мұндай жағдайда алдын-ала ескертіп балалны дайындау қажет.

3. Жоғарғы алаңдаушылықты, зейіннің тұрақтылығының жинақтауда қиыншылықтарынан арылу үшін баланы ешқашан терезенің, раковинаның, тоқтардың қасына отырғызуға болмайды, кітаптарды және ойыншықтарды қолы жететін жерге қоймау керек, себебі оның көңілі импульсивті іс-әрекеттерге аударылмас үшін.

4. Баланың психологиялық қажуы мен шаршаудың алғашқы белгілері көріне бастағаннан тәртібінің бұзылуына мұғалім балаға орнынан тұруға, сыныпта әрі-бері жүруіне немесе белгілі бір уақытта өзінің қызыққан жұмысымен айналасуына рұқсат беруіне болады. Біртіндеп мектеп өмірінің игергеннен кейін бұл әдеттері жойыла бастайды – қалыптасқан ритуалда мінез-құлқын өзгертеді, жаңартады. Баланың мектепке бұдан басқа бейімделуіне психологиялық шыдамдылығы және ерікті тәртібінің қабілеттілігінің жоғарлауы жатады.

5. Мұғалімнің талабын, сабақ тапсырмаларын бала орындау үшін оның назарын нақты берілген тапсырмаға аударуда, персоналды түрде әсер етуі қажет («Асан дәптерінді аш», «Сен де аш», «Барлығың тақтаға қараңдар және Асан сенде»). Мұғалімнің күлімсіреуі немесе иығынан сипап сөйлеуі баланың қосымша назарын және көзқарасын жеткілікті түрде аударады.

6. Баланың назарын аударуға сұрақ қойған кезде, себебі «ойын жинақтап» назарын аудара отырып жауап беруі үшін оған кішкене уақыт берген жөн. Кейде мұғалім арнайы мақсатта басқа баламен стимуляциялық түрде онымен сөйлесіп, сол тәсілмен аутист баланы қарым-қатынасқа түсуіне жағдай туғызады.

2. Баланың адекватты емес реакциясы және тәртібі.

Аутизмді бар балалардың сай емес реакцияларына – қызбалығы және күлу, қорқуы, айғайлауы және жылауы немесе қозғалыс стереотиптері және қатты сөйлеуі, ұмтылуы, ешкімді тыңдамаулары, әрдайым ерекше тақырыпта сөйлеуі жатады. Мінезінің негативизм жағының пайда болуы, ол тапсырманы орындаудан тез бас тартуынан білінеді.

Себептері:

Аутизмі бар балалар мектепке барған кезде жаңа өзгерістерге байланысты адекватты емес реакциялар туады – адамдарға, өмір бейнесіне, жаңа жағдайларға, уақыт өте – күтпеген өзгерістерден тәртіптерді меңгереді. Жетіспеушіліктен қозудың белгілері пайда болуы мүмкін. Әдетте баланың мінез – құлқы үйде және жеке сабақтарда адекватты түрде болса да, қоршаған ортадағы басқа балалар және мектептегі жаңа жағдайлар оны ызаландырады және де ол өзін басқара алмайды, айтқанды тыңдамайды, бір орында тұрмайды, өзге балалардың теріс қылықтарын тез қабылдап, есерлеу болып көрінуі де мүмкін.

Қатты қобалжу немесе ызалану кезінде, баланың ішкі күлу мен жылғау оның шамадан тыс шаршауына себеп болып, үлкен әсер етеді. Баланың ерекше сезімталдығы, жиреніштігі және қорқақтығы оның қарым – қатынасқа түсуіне кедергі болуы мүмкін және күтпеген эмоционалды қозуға әкеледі, ал ол қозулар негативті реакцияларының себебі болып табылады.

Кейбір балаларда тәртіптің мәселесі олардың үнемі жауап беруге талпынысын, тақтаға шығуын және ренжуін тілектерін мұғалімнің елемеуінен туады. Осындай балаларда сыныпта ең үздігі, ең ақылдысы болуға талпыныстары өрши түседі, егер де оларды бұл қанағаттандырмаса басқа оқушыларды мақтаса онда қызғаншақтық, ызасы, агрессиясы және өзіндік агрессиясы туу мүмкін.

Ұсыныстар:

1. Сыныпта әр уақытта мейірбанды және тыныш атмосфера болуы керек: ересектермен басқа оқушылармен келіспеушілігінің салдарынан, жалпы өзін – өзі ұстауы барысында үлкен қобалжулар пайда болады. Баланы тыныштандыруда эмоционалды баяу және орта дауыспен қатынасқа түсу керек. Кейбір баланың реакцияларын ескермеу тиіс; егер сабақтың барысында, балалар мен мұғалім біркелкі жағдайда болса, онда ол баланың жағдайы жақсарады; ол қайтадан сыныптағы жұмыстарымен айналыса бастайды.

2. Мұндай балалар мұғалімнің назары үшін сыныптастарымен келіспей қалады; сол кезде қарым – қатынасты ретке келтіріп, кезегімен жауап беруді талап ету тиіс. Мұғалімнің айтуымен бірге қадағалау үрдісіндегі назар аударуын және қолдауын қаншалықты қанағаттандырмаса да, бұл балалар оларды әдеттегідей жақсы қабылдайды.

3. Аутист балаларды сабақтағы тәртіптерін ұйымдастыру өте қиын екені анық, оның адекватты емес реакциялары оқуда белгілі бір кедергілерді өзіне ғана емес, сонымен қоса басқа балаларға да әсері тиеді, сондықтан алғашқы сабақтарда мүмкіндігінше көмекші ассистенттер болғаны жөн,

себебі баланың өзін сабаққа дайындау қажет. Ассистенттің ролінде ата – анасы немесе көмекші мектеп психологы болуы да мүмкін, олар жалпы сабақтарға баланың біртіндеп бірігу үрдісін ұйымдастырады, біріншіден сол пәндерге алдын – ала жеке сабақтарды өтіп дайындайды, бірақ мұндай жағдайда ұқыпты болған жөн, өйткені жақын адамдары әрқашан баланы тез әрі дұрыс орындатуға тырысады, ал ол балаға күш түсіреді. Кейде ассистент ретінде өз қалауымен көмектесуге көршілері немесе сыныбындағы баланың көршісі болса онда олар сәтті орындайды.

3. Мектеп дағдыларын меңгерудегі қиындықтар.

Моторикасының епсіздігі.

Аутизмі бар балалардың көпшілігінде жалпы орынсыздық байқалады, қимыл – қозғалысы үйлеспейді, ұмытшақтық пен қозудың ұлғаюы білінеді. Балалар алдына қарамастан жүгіреді, заттарға соқтығысады, заттарды құлатады, сондықтан да оларда әрқашан ересектердің назарында жүруін талап етеді.

Ұсақ моторикасының жетіспеушілігінен жазуда қиындықтар туады. Балалар дәптердің парағын өте қиындықпен бағдарлайды, қаламсапты дұрыс ұстай алмайды, оны өте бос немесе тым қатты күшпен қысып ұстайды. Элементтері құрылған дайын әріптерді жинауда, үлгі бойынша әріптердің элементтерін көшіруде қиналады.

Осындай жағдайда жазуды үйренуде негативизм қалыптасуы мүмкін: бала қолына қаламды ұстаудан бас тартып, басқа нәрселермен айналасуға ұмтылады.

Ұсыныстар:

Баланың қолынан ұстап және жазуда қимыл бағытын көрсетуге болады. Іс – әрекеттің жүйесінде бұл керекті қалпын біртіндеп бекітуге көмектеседі. Уақыт өте көмек түрін ақырын азайтқан дұрыс, себебі ол ересектің көмегіне тәуелді болып, онсыз қорқыныш сезімі ұялайды.

Аутизмі бар балалармен жұмыс жасаған кезде арнайы ритмикалық сабақтарға, қозғалыс тепе – теңдігіне арналған арнайы жаттығуларға, қозғалыс дағдыларына, дайындық кезеңінде назарын мұғалімге аударуға, үлгі немесе нұсқау бойынша орындауына қатты қадағалап, ерекше көңіл бөлу керек. Сабақта сергіту сәтін әндете отырып немесе ритмикалық сөйлеу тіліне сүйене отырып жақсы деңгейде ұйымдастыруын жөн.

Сөйлеу кезіндегі қиындықтары

Аутизмі бар балалар сөйлеу кезінде сөздік қорын кең түрде қолдану барысында қиналады, сұрақтарға сай, толық жауап бере алмайды, қарапайым диалогтарды пайдаланады. Балалар қысқартып сөйлейді,

негізінен сөйлеу тілінде стереотипті баспа түрін қолданады. Кейбір балалар өздері сөйлеуге ұмтылады, бірақ оған айтылып жатқан сөзді тыңдамайды.

Сөйлеу тілін дамуында мәтінде көбінесе жалпы коммуникативті мәселелерінің қиындығы кездеседі. Ақылды аутизмді бар балалар сабақта қалай жауап беруді білмейді, өйткені олар ақпаратты басқалармен не үшін бөлісу керек екенін түсінбейді. Аутизмді бар балалар өздерін басқа адамдар автоматтандырылғанын сезбейді, ойларын және мақсаттарын, сезімдерін, өздерінің дұрыс жақтарын негіздеу керек екенін түсінбейді.

Ұсыныстар:

1. Аутизмді бар балалардың сұрақтарға дұрыс жауап беруін және толық сөйлеуін дамытуда, алғашқы кезде дайын баспа түрдегі немесе жоспар жауаптарын қолдануға болады және оны жақсы қабылдайтындай етіп: не туралы және қалай дұрыс айту керектігін, жылдың уақытын суреттей алатын, жануарларды, адамдарды, өзінің бөлмесін, ауласын, метепке дейінгі жолды және т.б.

2. Сөйлеу тілін дамытуда арнайы түзету сабақтарын мектепте психолог және логопед жүргізуі керек. Психолог балаға диалогтардың дағдыларын түсіндіруі мүмкін, мысалы, бірге ертегі құрастыру, тарихи деректерді (әрине олардың мазмұны керемет болуы қажет). Мұндай жағдайда бала міндетті түрде жолдастарымен бірге «өзінің қадамын» жасауға тура келеді. Психолог оның сабақта жауап беруіне де көмектеседі. Барлығына түсінікті болу үшін, тіпті басқалары бұл жайында хабарсыз болған жағдайда да қалай айтуды баламен бірге талқылау қажет.

Сөйлеу тілінде коммуникативті жағын дамытуда арнайы психологиялық сабақтар және қарым – қатынасқа байланысты тәжірибелер қажет, олар ұялшақтықты жеңу, басқа адамдардың сөйлесу тілін түсіну арқылы ақырындап қозудан құтылу керек. Қосымша сабақтар ән айту, такпақтарды немесе өлеңдерді оқу, поэмалардағы әнгімелердің ролін ойнау арқылы оқу және т.б. пайдалы дағдыларды қалыптастыру.

3. Белсенді сөйлейтін аутизмді бар балалардың көпшілігінде дауыстың тембрі, ритмі, интонациясы бұзылады. Оларда сөйлеу тілінің жоқтығы тез сөйлеу, «асығу», «қосылып сөйлеуі» бірден айқын көрінеді. Бұның барлығы ересектерді және басқа балаларды түсінуде қиындықтарды тудырады. Мұндай кезде логопедиялық сабақтар қажет.

Сөйлеу тілін түсінудегі қиындықтар

Аутизмді бар бала өзіне бағытталған сөздерді түсінбейді әсіресе адамдар арасындағы болып жатқан әлеуметтік ойларды түсінуде өте қатты қиналады. Оған көп сатылы нұсқаулардан тұратын, яғни күрделі

сөздерден құралған тапсырманы бергенде оны түсінуде киналады. Сөйлемнің толықтығын жиі анықтау көмектеспейді, керісінше, түсінуді қиындатады: ұмытады, бала сөйлемді немесе сұрақтарды жаңғырық тәрізді қайталайды. Мұндай жағдай өзге балаларға сөйлеп, оның назарын аудару керек, бірақ бұл нақты ұйымдастырылу қажет, іс – әрекетті нұсқау бойынша және тыңдату арқылы жүзеге асырады. Сол сәтте тікелей оған емес өзге балалармен сөйлескенде, ол күрделі хабарламаларды қабылдауы мүмкін, оның алдағы іс – әрекеті көрсеткендей, ол берілген ақпараттарды меңгереді.

Ұсыныстар:

материалды қысқа да нұсқа түсіндіру керек, қарапайым нұсқаулар бойынша, тапсырмалар балаға нақты қойылған болуы тиіс.

Аутизмі бар балаларға арналған тапсырмаларды мұғалім қарапайым нұсқаулардан тұратын және жаңа материалдарды қысқа да нұсқа түсіндіру керек, егер өзге де балаларға арналған болса онда тапсырма оқшауланбаған кең түрде болуы қажет. Жалпы мектептегі оқу барысында бала үшін негізгі ескерілетін жайттың бірі: ол сөйлеу ортасына қосыла алмайды, сондықтан да өзге балалармен әңгімелесу арқылы мұғалімнің нұсқауды кең түрде түсіндіруден сыныптастарымен қарым – қатынасқа түсу арқылы қабылдауы мүмкін.

Ойлау ерекшеліктері.

Аутизмі бар балаларда ақпаратты қабылдау мен өңдеу ерекше бейнеленеді. Мұғалімнің қатысуымен жаңа материалдардағы мәтінді толдығымен бірден «қамтуға» тырысады, сондықтанда олар үшін біліктілікпен дағды оқытумен тығыз байланысты. Олар оқу түрін механикалық түрде меңгереді және басқа іс-әрекеттерде қолдануда киналады. Олар өздері меңгерен білімді, өмір тәжірибесімен байланыстырып, салыстыра қолдануда киналады. Балаларда бір нәтиженің әр түрлі себептерден құралатынын, бір сұрақтың бірнеше жауаптарының болатынын елестету олар үшін өте күрделі.

Олар айтылған анықтамаларды тура мағынада қабылдайды, ал кейбір жағдайларда тереңірек және қызық ойланады. Мұғалім және туыстары аутист балалардың айтуға қарағанда, іштей тезірек түсінетінін жиі байқайды. Мұндай балалар жинақы жауап беруге ұмтылады, қысқа әрі көлемді тұжырымдауды қолданып, мазмұнын терең және таяз түрде айтып береді.

Мұғалімнің тапсырмасын жаттанды стереотипті түрде, яғни ойланбастан, түсінбестен механикалық түрде қабылдайды. Бұл жағдайда баланың ойлау қабілетінің дамуы төмендеуіне әкеп соқтырады, мектеп

бағдарламаларын игеруге күдік туғызады. Шыдамдылықпен бірге психолог пен мұғалімдердің адекватты көмектері жақсы нәтижелерге итермелейді.

Ұсыныстар:

1. Мұндай балаларды оқыту ойластырылған түрде болуы керек. Ерекше назарды баланың алынған білімімен біліктілігінің маңызына көбірек болу қажет, және оны нақты өзіне пайдалануын міндетті түрде талдау. Әрдайым балаға көмек беруде оның алған білімін тұтас суретті бейнелеуге, өмір сюжетінен байланыстыруға оларды жеңуге үйрету тиіс. Барлық білімді «әр түрлі бағытта» тұтас күйде ұстап, оларды үнемі толықтыру қажет.

2. Психологиялық жұмыста балалар бір мәселеге бірнеше көзқарастардың бар екенін түсінуі керек. Балаға болып жатқан жайттарға өзінің әр түрлі көз қарасын білдіруге мүмкіндік беру керек. Мұндай жұмыстарды қарапайым салыстырудан, әсерлерден бастауға болады (сен нені жақсы көресің?, ал мен нені жақсы көремін? және т.б.). Егер де бала аз оқушылардан құрылған топта болса, тақырыпқа сай өз еркімен, талпынып айтып және балалармен бірге іс – әрекетті орындау барысында керекті іс – қимыл реакциясын толығымен «қамтуы» мүмкін, ал кейінірек оны иемденіп, өңдеп қарастырады.

3. Символды ойлауын дамытуға, мәтінді және жағдайдың барысын түсінуге арналған арнайы сабақтарды өту өте пайдалы. Бұл кезде бірге оқытуға болады: баяу, болған жайды талдау, баланың жеке назарын аудару тапқырлығымен, кітаптағы мықты кейіпкер ретінде немесе өзі арқылы жүзеге асыруға болады. Аутизмі бар балаларды оқытуда баланың қабілеттілік жақтары біртіндеп дұрысталатынын, бойында адалдық, талпынушылық, сабаққа деген бет алысы оң нәтиже беріп, жақсы есте сақтауымен интеллектуалды қызығушылығы туатынын мұғалім білген жөн.

4. Әлеуметтік және эмоционалды дамудың ерекшеліктері:

Аутизмі бар бала көп жағдайда бір көргенде оқуға өте бейімделген болып көрінеді. Ол өзін үлгі етіп көрсеткісі келеді, мұғалімнің айтқанын бұлжытпай орындайды, балалармен достасқысы келеді. Бұл әлеуметтік механизмдер оқытудың бірінші кезеңдерінде үнемі эмоционалды күштің жетіспеушілігін сипаттайды.

Тұрмыстық дағдылардың қалыптаспауы:

Аутизмі бар балаларда өте қарапайым тұрмыстық дағдылары қалыптаспауы жиі кездеседі. Ол барлығына арналған әжетхананы қолдана алмайды, бірге тамақтана алмайды, жай киінеді, сабаққа қажетті құралдарды сөмкесіне салып оны қайта ала алмайды, олар үлкен

қиындықтар тудырады: ал ол шыныменде сенбестей жағдайларға тап болады, мұғалім ол жағдайлардан алғашында күдіктенбеуі де мүмкін.

Ұсыныстар.

Алғашқы кезеңдерде бала ересектерен көмек пен бағыт беруін қажетсінеді. Егер мұғалім балалға көмектесіп қолдау көрсете алмаса, онда бұл жағдайда психолог арнайы педагог көмектеседі, және балаға үзіліс кезінде жақындап қолдау көрсетуіне болады. Уақыт өте ересектер оған аз көмек түрін қолданып балаға әлеуметтік-тұрмыстық дағдыларды өз бетінше тапсырмаларды үйренуін қалыптастырған жөн.

Тұлғалық және эмоционалды дамуының тежелуі.

Аутизмі бар балада эмоционалды-тұлғалық дамуы сезімталдықтың фрагментті түрде және ол нашар ұйымдастырылғанымен сипатталады. Ішкі жан дүниесі уайымға кедей болып балалық шағын мектепте қоршаған ортамен елестетуін толық дамымаған болуы мүмкін.

Қоршаған ортаны қабылдау балаларда қалыптаспаған және сирек кездеседі, тіпті өз үйін, өзінің бөлмесін, мектепке дейінгі жолды елестетуде қиналады. Ол кейбір жайттарды айтқанда қиналмайды қандай тамақты ұнататынын біледі, ал одан өзінің ойын сұрағанда, күрделі мағыны білдіретін хабарларды анда – санда болса да айтады, мысалы, барлық динозаврлар туралы немесе машиналардың маркасы жайында. Ол көбінесе уақыт реттілін білмейді. Ол болашақтағы арманы туралы, маңызды және қызықты болған жайттарды, өз өмірінен қандай да сюжетті кең түрде баяндау да қиналады. Баланың тәжірибесінде өмірнің ең қарапайым кезеңдерін саралап мінін ұқпайды.

Аутизмі бар балалар айналадағы адамдар мен әлеуметті іс-әрекеттің арасындағы байланысты, солай-ақ барлығынан бұрын адамдардың санасымен мінездерін қалай ұйымдастыруын, болып жатқан ойларды түсінбейді, сондықтан да оның қызығушылығы мен іс-қимылы жиі пайда болады, әдеттегідей басқа адамдарды қабылдауға оғаш немесе жағымсыз болып көрінеді. Дамымаған ішкі эмоционалды тәжірибесі көбінесе өзгелермен негізгі қарым-қатынаста болуын тоқтатады, мазасызданады. Егер елеулі тұрмыстық дағдылары жетілмесе, ересектер мен және балалармен өзара іс-қимылды ұйымдастыруда қиналады, реттелмеген ішкі жеке эмоционалды тәжірибесі мұғалім үшін таң қалалрлық жайт емес. Бұл мәселе үлгерімі жоғары балаларға да әсерін тигізіп дамуына өте үлкен кері әсер етеді. Ішкі эмоционалды жан дүниесін арнайы көмексіз, ұйымдастырылмаған ішкі тәжірибесімен уақытша перспективалық алған білімі мен біліктілігін бала қабылдай алмай, оны өз бетінше өмірде қолдана алмайды.

Өзін түсінбеген мұндай балалар әрине өзге адамдарды түсінбейді және олардың іс-әрекетерін есепке алмайды. Эмоционалды тәжірибенің жоқтығынан қарым-қатынасқа түскенде басқалардың жағдайын бағалауда қиналады. Мәселе күшейе келе, бала интуициясын ғана емес, сонымен бірге ақыл – парасатын да төмендетеді. Бір мағынада байланыс орнату балаға сезінуге кедергі жасайды, өйткені басқа балалар өзінің ойы мен ниетін айта алады, мысалы, алдау, арбау және т.б. Өзге адамдардың ішкі жан дүниесін түсініп, елестете алмайды, оларға жеке ерекшеліктер қажет. Балаға оқу барысында эмоционалды тұлғалық дамуындағы мәселелерді жеңіп үйрету өте маңызды, әйтпесе барлық дағдылары мен білімдерді оқу барысының дәл уақытында өз бетімен өмірде қабылдай алмайды.

Ұсыныстар:

Эмоционалды – тұлғалық жақтарын дамыту мәселелерін психологқа психологиялық әдістермен көмек көрсете отырып ұзақ уақыт жұмыс істеуге тура келеді. Мектеп өмірінде баланың тұлғалық жағын дамытуда және эмоционалды – тұлғалық жағын жетілдіруде мұғалімнің ролі күмәнсіз жоғары болып саналады. Егер де баланың тұлғалық дамытуын күнделікті тәжірибеде қолданатындай шарттар ұйымдастырылмаса ешқандай арнайы тәсілдер эффективті болуы мүмкін емес. Осы шарттарға жататындар:

1. Жұмысты қарапайымнан бастау керек яғни әлем туралы кіріспеге, ортақ ұғымға, болған оқиғалар түрлерін өзінің рәсімдеу қиялы. Баламен үнемі қарым – қатынасты сақтау маңызды, болған жайттарды мағынасын шыдамдылықпен түсіндіру, мектеп өміріне байланысты қандай да бір қарапайым және күнделікті жайттар туралы айту сонымен қатар өзін дұрыс ұстай білуін, дәл уақытында оған бағыт беру, импульсивті іс – әрекетті ұстай отырып, алдандыру, болашаққа жалпы жоспар құруына көмектесу. Әдетте олар үлкен құрметті көмек ретінде қабылдайды. Мұғалімнің мейірімі мен ақ көңілі, баламен мұғалім арасында орнатқан қарым – қатынас тек оқу барысында ғана емес, сонымен бірге эмоционалды және әлеуметтік жағын дамытуда ынталандырады.

2. Мектеп психологына балалардың эмоционалды – тұлғалық тәжірибесінің ұғыну мен кең түрде мәнін түсінуіне байланысты арнайы жеке жұмыстар жүргізу қажет. Жұмыс ең әуелі барлық балалардың қуанышты сәттерінен басталады, яғни саяжайдағы болған сәттері, пойыздағы сапарлары. Мұндай еске алу кезінде үйдегі фотосуреттерге, суреттерге сүйенуге болады. Баланың маңызды әсерлері ақырындап дамиды, мысалы психолог сурет салып, балалардан жаңа жағдайларды толық сұрай отырып, оны күлдіргі оқиғалармен байланыстырады, кейін олардан өмірлерінде болған күлкі жайттарды, қуанышты сәттерін айтып

берулерін сұранады. Мұндай сабақтарды барлық балалар жақсы көреді, және оған өз сыныптастарын тартады, өздерінің эмоционалды тұйықтықтарын жеңіп, белсенділігін жоғарылатады. Көңіл жана ақпараттарға емес, ойлауына, баламен болған байланысына, нақты мысал келтіруіне, бөліп айтуына, эмоционалды баяулығына бөліну қажет.

3. Психологиялық – педагогикалық жұмысты ұзақ уақыт жүргізу қажет, ол арнайы тандап алынған көркем тақырыптағы мәтіндерді бірге оқып, талдауға, мектептегі нақты жағдайды, сыныптағы оқиғаларға негізделуі мүмкін.. Әр түрлі адамдарға мінездеме беруге, шамалап болжау, олар не туралы ойлайды, нені сезеді, не істегілері келеді, оларға қандай кеңестер қажет, қалай көмектесуге болады және тырысады. Мұндай балалар тек өзінің ішкі жан дүниесін ғана ашпай, сонымен бірге өзге адамдардың да ішкі дүниесіне жол салады.

5. Балалармен және мұғалімдермен қарым-қатынасты орнатудағы қиындықтары.

Мектепке алғаш барған кезде аутист балалар өздерін өте кішкентай етіп сезінеді: ересектерден жатырқайды, ұялады немесе керісінше ашық, сенгіш болады. Балалар қорқуы да мүмкін немесе өресіз қарым-қатынас түрін қолдануы да ғажап емес: бірге жүгіреді, құшақтайды, соғады, көзге тік қарайды, күледі.

Мұғаліммен қарым-қатынастары тез дұрысталады. Бала ересектердің мейірімдерін әрқашан жақсы қабылдайды, сыныпта мұғаліммен дұрыс байланысты орнатуда қиындық туса да түсінуімен қолдауына ризашылығын білдіреді. Арнайы жұмыстарсыз қарым-қатынас алдағы уақытта дамымауы да мүмкін.

Өзінің жолдастарына қарапайым қатынасты орнату аса қиын болады. Олардан бала шаршайды, жатырқайды, мұғалімнің назарын және мадағын бірге бөліскісі келмейді, сондықтанда алқашқы кезде өзге оқушылармен байланыс жиілігі шектелген болу керек, ал қарым-қатынасты сабақта және үзілістерде анық ұйымдастырылған болуы қажет.

Ұсыныстар.

Алғашқы кезеңдерде келіспеушіліктер тумас үшін бір-біріне деген көркем бейнелерді қалыптастыруға тырысу қажет. Ересек балалға оның сыныптастары жайлы айту керек: оның достары екенін білуге міндетті., әр қайсысының мінезі, дәрежесі, қызығушылығы және орны бар екенін түсінуге тиіс.

1. Кейін көркем бейнесі ақырындап жекешілікке және нақтылыққа айналуы қажет. Балаларға бір-бірін түсінбеу реакцияларын, ерекшеліктерін, ренішпен келіспеушіліктен арылуды айту өте маңызды.

2. Оқудағы өзара байланысу стереотиптерін шиеленісін мерекелік қарым-қатынастарда ұйымдастыруға болады. бұл кезеңді жақсы және нақты ұйымдастырған жөн, себебі олар қарым-қатынасқа түскенде өздерін жеңіл әрі жақсы сезіну тиіс.

3. Алдағы уақытта еркін қарым-қатынасын дамыту үшін мүмкіндіктер жасау қажет: әсерлерін бөлісу, еске алу, жоспарлау, еліктеу. Тәжірибеде көрсеткендей, балаларды толық қарым-қатынасқа түсуге дайындау үшін оларды достық ұжымда тәрбиелеу қажет.

Психологиялық қолдау тек аутист балалар үшін ғана емес. сонымен бірге сыныптастары үшін де керек. Өзге оқушылардың ерекше балаға деген көзқарастарына тәуелді. Бастауыш сыныптағы балалардың қарым-қатынасқа түсуі бәрінен бұрын мұғалім тарапына тәуелді болады (ол баланы басқа балалардың алдында ерекше көмек көрсетіп, құрметпен қараса) және о бұл жағдайлар орта және жоғарғы сынып оқушыларының көзқарасы өзгереді. Балалар жолдастарын жоғалтуы мүмкін, өйткені уақыт өте жасөспірім балаларымен қатынас статусы төмендейді. Аутизмі бар балалар мұндай «опасыздықтарда» қатты қиналады. Арнайы жұмыстарсыз кіші мектеп жасындағы балалар сыныбындағы аутизмі бар балаға қатыгездікпен қарайды. Мысалы олар, мұндай балалардың аффективті реакцияларын пайдаланып мұғалімге шағыстырулары мүмкін.

Жоғарғы сыныптарда мұндай оқушылардың сабақтары жақсы көрсеткіштеріне қарамай, жалғыз қалуы мүмкін. Аутизмі бар балалармен әңгімелесу кезінде бала өзін жалғыз, сыныптастарымен қалыптаспаған достық қарым-қатынастарын сезінгені анықталады.

Мұндай сәттерде балаға психолог пен мұғалімнің қолдаудағы негізгі бағыттарда қарастырылатын:

- оқытуда балаға көмек түрін ұйымдастыру;
- психологиялық қолдау;
- баламен әлеуметтік, эмоционалды және тұлғалық жағын дамытуға бағытталған; жеке жұмыстар жүргізу
- отбасымен жұмыс және басқа мамандармен байланысын бақылауға алу.;
- баланың сыныптастарымен жұмыс.